

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ҒИЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ

БЕКТЕМНІ
Ректор Мухаммад аш-Шаххат
эл-Жинди
«29» 03-МУБАР, 2024 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(2024 жылы оқуға қабылданғандар үшін)

Білім беру саласының коды және классификациясы: 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 8D022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 8D02202-Дінтану

Бағдарлама деңгейі: Докторантура 8 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «8D02202-Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы





Кредиттердің жалпы көлемі: 180 кр / 180 ECTS

Оқу мерзімі: 3 жыл





АЛМАТЫ, 2024

Білім беру бағдарламасын дайындау және сараптау бойынша жұмыс тобы

Әзірлеушілер:

Аты-жөні	Қызметі мен ғылыми дәрежесі	Қолы
Рыскиева А.А.	филос.ғ.к., кафедра меңгерушісі	
Тологон Ж.	Магистр, аға оқытушы	
Шағырбай А.Д.	PhD доктор. Философия, саясаттану және дінтану институты. Дінтану орталығының директоры. Жұмыс беруші өкілі	 <small>Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғарғы Білім, Министрлігі Ғылым комитетінің философия, саясаттану және дінтану институты шаруашылық жүргізу қорындағы республикалық мемлекеттік университетінің профессоры Республикасының қаржылық-кредиттік және сауда-көрсетілетін қызметтерді реттеу агенттігінің «Институт философия, психология және религиоведения» Комитетінің мүшесі Министрліктің ғылыми-педагогикалық кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының Президентінің кеңесшісі</small>
Баракбаева Т.А.	Нұр-Мұбарак ЕИМУ. Білім алушы	

Сарапшылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Махмет М.	Магистр, аға оқытушы. Академиялық мәселелер департаментінің директоры	
Адилбаева Ш.А.	PhD доктор. Сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	
Сатершинов Б.М.	филос.ғ.д., профессор. Философия, саясаттану және дінтану институты. Бас ғылыми қызметкер.	
Хамзеева Б.	филос. ғ.к.	

Білім беру бағдарламасы дінтану кафедрасында дайындалып, кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 8 «15» 03 2024 ж.


Кафедра меңгерушісі А.А. Рыскиева



Ислам ілімдері факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама № 8 «27» 03 2024 ж.

Факультет деканы Юсуф Гиндауи



Университеттің академиялық комитет кеңесінде келісілді.

Хаттама № 8 «29» 03 2024 ж.

Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмағанбетова



Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 9 «29» 03 2024 ж.

ДІНТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

PhD философия докторы дәрежесін алып шығатын ізденушілерді дайындайтын білім беру бағдарламасы дінтанулық зерттеулерді жүргізуге қабілетті, қоғам сұранысы мен заман талабына сай біліктілікке ие, өзекті мәселелерді қозғап, оларға қатысты тұщымды пікірлер мен тұжырымдар айта алатын мамандарды дайындауға бағытталған. Бұл білім беру бағдарламасын игерген ізденуші ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, басқарумен қатар, педагогикалық қызметке де бейінделеді. Діни саладағы өзекті мәселелерді реттеуде сарапшы маман ретінде қызмет етіп, күрделі, ерекше назарды талап ететін сұрақтардың шешімін ұсына алатын білікті кадрлар университет ұсынатын практикалық база негізінде мол тәжірибеге ие мамандар ретінде еңбек нарығына қосылады. Шетелдік тағылымдамалар, шетелдік оқытушы-профессорлар құрамымен орнатылған тығыз байланыс ізденушіге маманданған саласы аясында жан-жақты зерттеу жүргізіп, өзекті, маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуды көздеген ізденуші отандық және әлемдік дінтанудың өзекті мәселелерінің фундаменталды, қолданбалық, ғылыми-сараптамалық талдамасын жасауға машықтанады. Қазақстан қоғамындағы демократиялық үрдістердің дамуына, азаматтық қоғамның негізгі институттарының орнығуына, қоғамның философиялық, рухани, гуманистік мәдениетінің дамуына үлес қоса алады. «Дінтану» білім беру бағдарламасын меңгерген ізденушілер ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Қоғамдық келісім комитеті (Исламдық діни бірлестіктермен байланыстар басқармасы, Христиандық және басқа діни бірлестіктермен байланыстар басқармасы, Діни экстремизмнің алдын алу және оңалту жұмыстары басқармасы, Дінтану сараптамасы және діни білім беру ұйымдарымен байланыс басқармасы, Діни қызмет саласындағы құқық қолдану практикасы басқармасы т.б.), Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы, Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті, Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстанның жоғарғы білім беру мекемелері, ғылыми-зерттеу орталықтары, діни ұйымдар (Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы, мешіттер және т.б.), Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті және мемлекеттік басқару органдарында дін істері бойынша маман, дінаралық және конфессияаралық қатынастар бойынша кеңесші ретінде қызмет атқара алады.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Дінтану ғылымының кешенді зерттеу әдістері мен әдіснамаларын, теориялық және практикалық білімді терең меңгерген, дінтану ғылымы саласында инновациялық қызметтерді жүзеге асыруға қабілетті, діни тұрақтылық және қауіпсіздік мәселесінде жоғары білікті кәсіби мамандарды дайындау.

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Діни кешеннің мазмұнын, өзіндік ерекшеліктерін дінтанудың негізгі салаларын қамтитын пәндерден игерген базалық білімі мен негізгі әдіс-тәсілдерді еркін қолданып, интерпретациялап, айқын кейіпте жеткізіп беру;
- (НҚ2) Тілдік және ғылыми жобаларды ұйымдастыру, жүзеге асыру, авторлық ұжымның қызметін бағыттау;

- (НҚ3) БАҚ, ақпараттық технологиялар, әлеуметтік желілер мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дін саласына қатысты қысқа және ұзақ мерзімді болжам жасап, күрделі мәселелердің алдын алу;
- (НҚ4) Дінтануға қатысты пәндерді оқыту барысында дінтанудың негізгі салаларын қамтитын пәндерден игерген базалық білімі мен негізгі әдіс-тәсілдерді еркін қолданып, білім алушылармен толыққанды байланыс орнату;
- (НҚ5) Дінтанулық мәселелерге қатысты ізденіспен айналысатын ғылыми ұжым құрамында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу;
- (НҚ6) Дінтану мен дінтанулық пәндер саласында ғылыми мәліметтер мен ақпараттарды сараптау;
- (НҚ7) ББ бағдарламасын меңгеру барысында алынған білімді заманауи діни салада болып жатқан мәселелерге қатысты қолдану.

Оқыту нәтижелері:

Бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- (ОН1) Отандық және Халықаралық деңгейде салааралық және кешенді ғылыми әдіснамаларды қолдана отырып дінтану ғылымы саласындағы сараптамаларды, талдауларды жүзеге асыру;
- (ОН2) Ғылыми объективтілікті негізге ала отырып қоғамдағы дінтанулық және діни мәселелердің алдын-алуға, оңтайлы шешу жолдарын дайындауға, жүзеге асыруға күзіретті болу;
- (ОН3) Дінтану ғылымы саласындағы білім беру қызметін, әкімшілік қызметтерді инновациялық әдістерді пайдалана отырып мемлекеттік мүддеге сай тиімді ұйымдастыру, жүзеге асыру, нәтижесін бағалай алу.
- (ОН4) Дәстүрлі және заманауи зерттеу әдістерінің негізінде академиялық жазбаларды, жарияланымдар мен зерттеулерді қалыптастыру;
- (ОН5) Діни және зайырлы ортаның дүниетанымдық, психологиялық ерекшеліктерін толық меңгере отырып, қоғамдағы діни тұрақтылықты жан-жақты талдау;
- (ОН6) Отандық ғылымның дамуына өзіндік үлесін қосу, мемлекеттік және әлемдік деңгейде мойындалатын базаларда еңбектерін жариялау;

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзіреттіліктер	Оқыту әдістері
Ғылыми зерттеу	Академиялық хат	Пән диссертациялар мен (уәкілетті орган бекіткен ғылыми басылым, скопус деректер базасына енген) журналдарға арналған мақалаларды жазудың жаңа әдістерін игереді. Зерттеудің заманауи әдістерін қолдану,	Дәрісте белсенді қарым-қатынас орнатып, бірлесе орындалатын зерттеу жұмыстарының жүзеге асырылуымен өткізіледі. Жұмыс нәтижесін уәкілетті

		өз талдауын және қорытындыларын жүргізеді.	орган бекіткен ғылыми басылым, скопус декетер базасына енген ғылыми басылымдарға жариялау жолдары қарастырылады.
	Ғылыми зерттеу әдістері	Жаңа және заманауи зерттеулерді қамтамасыз етуде теориясын игереді. Эмпирикалық талдау және бағалау жүргізуге және перспективалық бағыттарды әзірлеуге және мемлекеттік құқықтық саясатының басымдықтарын айқындауға мүмкіндік береді.	Пәнді оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (ғылыми ақпаратты өңдеу, белгілі жағдайларды қарастыру, бизнес-тренингтер) және де докторанттың кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
Мемлекет және дін	Мемлекет және дін арақатынасы	Білімгер қазіргі заманғы мемлекет және дін қатынасын зерттеу мен талдаудың әдістемелерін игереді. Осы салада қалыптасқан ұғымдар мен тұжырымдарды, көзқарастар мен идеяларды тұжырымдауға қабілетті болады.	Функционалдық-құрылымдық және жүйелі талдау тәрізді жалпы ғылыми тәсілдермен қатар кейстік және кросс-құқықтық сараптау сияқты жеке ғылыми әдістер қолданылады.
	Педагогикалық практика	Сабақтан тыс жұмыс жүргізудің кәсіби және педагогикалық дағдыларын игереді. Қазіргі діни сенім мәселелерін; еліміздегі білім берудің тарихын, кезеңдері мен даму мәселелерін игереді.	Жоғары оқу орындарында дәріс беру, басқару және зерттеу қызметін табысты іске асыру мақсатында кешенді іс-шаралар ұйымдастырылады.
	Қазіргі қоғамдағы дін / Жаңа діни ағымдарды зерттеу теориясы мен методологиясы	Қазіргі заманғы дінтанудың категориялық аппараты ұғымдарымен жұмыс істеу қабілеттерін меңгереді. Сонымен қатар қазіргі қоғамдағы жаңа діни ағымдарға қатысты зерттеулер жүргізу методологиясымен танысады.	Докторанттарды ғылыми деректерді сындарлы қабылдау және соның негізінде өз тұжырымдарын жүйелеу мен дәйектеу, қорғай алуға бағыттайтын белсенді және интерактивті әдістер қолданылады.

Дінтанудың методологиялық мәселелері	Қазіргі дінтанудың теориялық және методологиялық проблемалары	Қазіргі дінтанудың теориялық және методологиялық проблемаларын және дінтанудағы әдістердің ерекшелігін меңгереді.	Курсты оқытуда сипаттамалы талдау әдісі, структуралды талдау әдісі, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.
	Зерттеу практикасы	Зерттеу тәжірибесінде ізденушілер ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырады. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін мерзімдік басылымдарға жариялап, ғылыми жобаларға жетекшілік ете алады.	Докторанттардың ғылыми потенциалын көтеруді мақсат еткен іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
Тағылым дама және ғылыми-зерттеу	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Тәжірибе алмасу арқылы қалыптасқан жүйені жетілдіруге, толықтыруға қабілетті болады. Докторлық диссертацияны орындау талаптарымен, кезеңдерімен танысып, жүзеге асыра алады.	Шетелдік және отандық кітапханаларда ғылыми ізденісті жүргізу кезеңдерінде уақытты тиімді пайдалануға, дереккөздерді қолдануды меңгеруге машықтандыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
Диссертацияны жазу және қорғау	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	Диссертацияны рәсімдеу талаптарын меңгереді. Ғылыми ізденісінің нәтижесін ұсынып, өз тұжырымдарын қорғай алу қабілетіне ие болады.	Ғылыми ізденісті жүргізу кезеңдерінде уақытты тиімді пайдалануға, дереккөздерді қолдануды меңгеруге машықтандыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.

3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі құзіреттіліктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6
НҚ1			+		+	
НҚ2	+				+	
НҚ3		+		+		
НҚ4				+		+
НҚ5				+		
НҚ6	+	+				
НҚ7					+	+

НҚ – Негізгі күзiреттiлiктер

ОН – Оқыту нәтижелерi

3.3 Бiлiм беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән коды	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Оқыту нәтижелері
1 семестр						
1	АН 7201	Академиялық хат	БП/ЖК	емтихан	5	ОН1 ОН4 ОН6
2	Gzad 7202	Ғылыми зерттеу әдістері	БП/ЖК	емтихан	5	ОН1 ОН4 ОН6
3	MDA 7203	Мемлекет және дін арақатынасы	БП/ЖК	емтихан	5	ОН2 ОН3 ОН5
4	PP 7204	Педагогикалық практика	БП/ЖК	есеп	5	
5	KKD 7205 JDAZTM	Қазіргі қоғамдағы дін/ Жаңа діни ағымдарды зерттеу теориясы мен методологиясы	БП/ТК	емтихан	5	ОН2,ОН3, ОН5/ ОН3,ОН5
6	TODGZZh	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ДҒЗЖ	есеп	5	
Қорытынды					30	
2 семестр						
1	PP 7204	Педагогикалық практика	БП/ЖК	есеп	5	
2	KDTMP 7301	Қазіргі дінтанудың теориялық және методологиялық проблемалары	БП/ЖК	емтихан	5	ОН2, ОН3 ОН5
3	ZP 7302	Зерттеу практикасы	БП/ЖК	есеп	10	
4	TODGZZh	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ҒЗЖ	есеп	10	
Қорытынды					30	
3 семестр						
1	TODGZZh	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ДҒЗЖ	есеп	30	

Қорытынды					30	
4 семестр						
1	TODGZZh	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ДФЗЖ	есеп	30	
Қорытынды					30	
5 семестр						
1	TODGZZh	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ДФЗЖ	есеп	30	
Қорытынды					30	
6 семестр						
1	TODGZZh	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	ДФЗЖ	есеп	18	
2	DRK	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	ҚА	Кешенді емтихан немесе ДЖ қорғау	12	
Қорытынды					30	
ЖАЛПЫ					180	